

## **"Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының бюджетпен өзара есеп айырысуы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 2 шілде N 839

Жылу-энергетикалық кешенінің жұмысын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының республикалық бюджет алдындағы 418 /төрт жүз он сегіз/ млн. теңге, оның ішінде экономиканы жаңғырту қорына аударым жасау бойынша - 206 /екі жүз алты/ млн, теңге және тіркелген ренталық төлемдерге - 212 /екі жүз он екі/ млн. теңге берешегіне республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің " Алматыэнерго" аумақтық мемлекеттік кәсіпорны және " Алматықалажылукоммунэнерго" акционерлік қоғамы алдындағы қосымшаға сәйкес электр және жылу энергия берген берешегінің өтеу есебіне есептеу жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің " Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының "Алматыэнерго" аумақтық мемлекеттік кәсіпорнына келісілген кесте және баға бойынша жіберген көмірін республикалық бюджетке есепке алу

төлемінің есебіне жүзеге асыру ұсынысы қабылдансын.

2. Көрсетілген есепке алу 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің /бірінші жарты жылдығы/ кірісі мен шығысы бөлігінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 2 шілдедегі  
N 839 қаулысына  
қосымша

Жылу және электр энергиясына берешегі бойынша есеп айырысу жүргізілетін республикалық бюджет мекемелерінің

ТІЗБЕСІ

/мың теңге/

Барлығы	Оның ішінде		
	"Алматыэнерго"	АМҚ	"Алматықалажылу. коммуналэнерго" АҚ
Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы	666		666
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті	20000	2329	17671
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	9628	833	8795
Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті	61		61
Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті	1091		1091
Қазақстан Республикасының Білім министрлігі	136457	16458	119999
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	77262	48317	28945
Әль-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті	21958	3520	18438

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі	173	173	
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы	4402		4402
Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі	6845	143	6702
Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	11907	9605	2302
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	6925	6000	925
Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	10289	5612	4677
Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлер бас басқармасы	6055	5305	750
Қазақстан Республикасының Казгидромет біріккен мамандандырылған орталығы	136		136
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	67720	67720	
Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы	540	40	500

Қазақстан Республикасы	33626		33626
Президентінің Іс басқарма. сының медициналық орталығы			
Қазақстан Республикасы	2259		2259
Үкіметі жанындағы Мемқызмет. шілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институты			
ЖИЫНТЫҒЫ:	418000	166055	251945